

Қаламыздағы Абай Құнанбаев атындағы №2 мектепке биыл 60 жыл толып отыр. Өткен аптада мектептің алпыс жылдық мерейтойы аталып өтті. Оған қала басшылары, мәртебелі қонақтар, білім бөлімінің мамандары, ұстаздар мен оқушылар қатысты. Мерекелік жиын мектептің акт залында болды.

Алғашқы қазақ мектебі

Б.ЛАҚАДЫЛ

Мерекелік шара басталардың алдында мектеп тарихынан сыр шертетін деректі фильм көрсетілді. Фильмде бұл күнде әр салада еселі еңбек етіп жатқан түлектер сөз алады. Одан кейін Екібастұз қаласы әкімінің орынбасары Мариям Адамбаева құттықтау сөз сөйлеп, еңбегі елеулі бірнеше ұстазды марапаттады. Бастауыш сынып мұғалімі С.Балтабаева мен денешынықтыру пәні мұғалімі М.Жоламанов қала әкімінің құрмет грамотасына ие болса, денешынықтыру пәні мұғалімі Д.Мәкенов қала әкімінің алғыс хатын алды. Қалалық мәслихат хатшысы Болат Құспеков сөз алып, мектептің тарихы жайында қонақтарды біраз сырға қанықтырды. Сөйтіп, білім



Қалалық білім бөлімінің басшысы Н.Макумова, тарих пәні мұғалімі Б.Бердіқожин

саласындағы көп жылғы еңбегі, жоғары кәсіби шеберлігі үшін биология пәні мұғалімі Р.Нығметоваға, орыс тілі пәні мұғалімі Ү.Сағынтаеваға және тарих пәні мұғалімі О.Исинаға Екібастұз қалалық мәслихаты-

ның құрмет грамотасын табыстады. Сонымен қатар, бастауыш сынып мұғалімі С.Ах-

метоваға, орыс тілі пәні мұғалімі К.Темірғалиеваға және қазақ тілі пәні мұғалімі К.Шынықұловаға «Нұр Отан» партиясы филиалының өкілі Айнамкөз Рахымжанова партияның құрмет грамотасын берді.

Ал білім бөлімінің басшысы Нұржамал Макумова облыстық білім басқармасының құрмет грамотасын тарих пәні мұғалімі Б.Бердіқожинға, бастауыш сынып мұғалімдері А.Ахметова мен Қарлығаш Халықоваға табыстады. Сондай-ақ, бастауыш сынып мұғалімі М.Қабдуллина мен география пәні мұғалімі С.Молғараева қалалық білім бөлімінің құрмет грамотасына

ие болды. Облыстық кәсіподақ ұйымының құрмет грамотасын еншілегендер: технология пәні мұғалімі Э.Нысанғалиев, мектеп директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары З.Қонаева және орыс тілі пәні мұғалімі Б.Мұқашева.

Ендігі кезекте сөз тізгінін қаланың құрметті азаматы Жеңіс Мейірманова, мектептің ардагер ұстаздары Әлия Ахметова, Шұға Темірғалиева және Мектай Әбенвалар алды. Мектеп түлектері Б.Әбенов, Б.Амантаев және С.Келдібаевтар да мерейтой қуанышына ортақтасып, өз лебіздерін аямады. Соңында мектеп директоры Сәуле Алғамбарова келген қонақтар мен мәртебелі ұстаздарға алғысын білдірді. Мерейтой барысы әсем ән, күмбірлеген күймен көмкерілді.



Мерейтой қонақтары



Мектеп оқушылары өнер көрсетуде